17 ТДМ міндеттері

17.1 Салықтар мен басқа да кірістерді жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру үшін ішкі көздерден, оның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында ресурстарды жұмылдыруды күшейту

17.2 Дамыған елдердің даму (ДРК) мақсатында ресми көмек көрсету жөніндегі өз міндеттемелерін, оның ішінде көптеген дамыған елдердің дамушы елдерге ДРК желісі бойынша өзінің жалпы ұлттық кірісінің (ЖҰК) 0,7 пайызы деңгейінде бөлудің нысаналы көрсеткішіне қол жеткізу және ДРК–ні ең төмен дамыған елдерге өзінің ЖҰК 0,15-0,20 пайызы деңгейінде бөлу міндеттемесін толық орындауын қамтамасыз ету; ДРК-ні ұсынатын мемлекеттерге ДРК желісі бойынша өзінің ЖҰК-ның кемінде 0,20 пайызын неғұрлым төмен дамыған елдерге бөлу мақсатын алдына қою туралы мәселені қарау ұсынылады

17.3 Дамушы елдер үшін әртүрлі көздерден қосымша қаржы ресурстарын жұмылдыру

17.4 Жағдайға байланысты қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға, қарыз ауыртпалығын жеңілдетуге және берешекті қайта құрылымдауға бағытталған үйлестірілген саясатты жүргізудің арқасында дамушы елдерге олардың берешек деңгейінің ұзақ мерзімді қолайлылығын қамтамасыз ету мақсатында көмек көрсету және олардың ұзақ мерзімді ауыртпалығын жеңілдету үшін ірі берешегі бар кедей елдердің сыртқы берешегінің проблемасын шешу

17.5 Нашар дамыған елдердің мүдделеріне инвестиция бөлуді ынталандыру тәртіптерін қабылдау және пайдалану

17.6 Солтүстік-Оңтүстік және Оңтүстік-Оңтүстік желісі бойынша ынтымақтастықты, сондай-ақ ғылым, техника және инновация салаларындағы үш жақты өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты және тиісті жетістіктерге қол жеткізуді кеңейту; өзара келісілген шарттарда, оның ішінде қолданыстағы тетіктер арасындағы үйлестіруді жақсартудың арқасында, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде, сондай-ақ технологияларды беруге жәрдемдесудің жаһандық тетігінің көмегімен білім алмасуды жандандыру

17.7 Экологиялық қауіпсіз технологияларды дамушы елдер өзара келісілген қолайлы шарттарда, соның ішінде жеңілдікті және артықшылықты шарттарда қабылдайтындай экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеу, беру, тарату және игеруге жәрдемдесу

17.8 2017 жылға қарай неғұрлым аз дамыған елдердің мүддесінде технологиялар банкінің және ғылымды, технологиялар мен инновацияларды дамыту тетігінің толық ауқымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тиімділігі жоғары технологияларды, атап айтқанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды кеңейту

17.9 Орнықты даму саласындағы барлық мақсаттарға қол жеткізудің ұлттық жоспарларын іске асыруға жәрдемдесу үшін, оның ішінде Солтүстік-Оңтүстік және Оңтүстік-Оңтүстік желісі бойынша ынтымақтастықтың және үшжақты ынтымақтастықтың арқасында дамушы елдердің әлеуетін тиімді және мақсатты түрде арттыруға халықаралық қолдауды күшейту

17.10 Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде ашық, кемсітусіз және әділ көпжақты сауда жүйесін, оның ішінде даму саласындағы оның Доха күн тәртібі жөніндегі келіссөздердің аяқталуының арқасында қағидаларға негізделген, әмбебап көтермелеу

17.11 Дамушы елдердің экспортын айтарлықтай ұлғайту, атап айтқанда 2020 жылға қарай әлемдік экспорттағы неғұрлым аз дамыған елдердің үлесін екі есе ұлғайту мақсатында

17.12 Дүниежүзілік сауда ұйымының шешімдеріне сәйкес, оның ішінде неғұрлым аз дамыған елдерден импортталатын тауарларға қатысты қолданылатын шығу тегінің преференциялық ережелері ашық және қарапайым болуын қамтамасыз ету жолымен барлық аз дамыған елдерге ұзақ мерзімді негізде нарықтарға бажсыз және квотталмаған қол жеткізуді уақтылы беруді қамтамасыз ету

17.13 Саясатты үйлестіру және саясаттың жүйелілігін қамтамасыз ету арқылы ғаламдық макроэкономикалық тұрақтылықты арттыру

17.14 Тұрақты дамуды қамтамасыз ету бойынша саясатты анағұрлым жүйелі ету

17.15 Әр елдің стратегиялық айналым әрекетіне арналған кеңістігін және оның қайыршылықты жою саясаты мен тұрақты даму саласындағы саясатты әзірлеудегі және жүзеге асырудағы маңызды рөлін сыйлау

17.16 Барлық елдерде, әсіресе дамушы елдерде орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологиялар мен қаржы ресурстарын жұмылдыратын және таратын көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен әріптестіктер толықтыратын тұрақты даму мүддесіндегі жаһандық әріптестікті нығайту

17.17 Серіктестердің ресурстарын пайдалану тәжірибесі мен стратегияларына сүйене отырып, мемлекеттік ұйымдар арасындағы, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы және азаматтық қоғам ұйымдары арасындағы тиімді әріптестікті ынталандыру және көтермелеу

17.18 2020 жылға қарай табыс деңгейі, гендерлік тиесілігі, жасы, нәсілі, ұлты, көші-қон мәртебесі, мүгедектігі, географиялық орналасқан жері және ұлттық жағдайларды ескере отырып елеулі басқа да сипаттамалар бойынша түзетілген жоғары сапалы, өзекті және шынайы деректердің қолжетімділігін едәуір арттыру үшін дамушы елдердің, оның ішінде неғұрлым аз дамыған елдер мен шағын аралдық дамушы мемлекеттердің әлеуетін арттыру мақсатында қолдауды күшейту

17.19 2030 жылға дейін қазіргі бастамаларға сүйене отырып, тұрақты дамуды қамтамасыз ету ісінде жалпы ішкі өнімнің көрсеткішіне қосымша ілгерілеуді басқару әдістерін жасау және дамушы елдердің статистика саласындағы әлеуетін өсіруге жәрдемдесу

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 17.1, 17.2, 17.3, 17.4, 17.6, 17.8, 17.9, 17.10, 17.11, 17.12, 17.16, 17.17, 17.18